

Еліміздің Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі тиісті мемлекеттік органдармен бірге салафизм мәселесін мұқият зерттеп, зерделеді. Қазақстанда 23 ланкестік және экстремистік ұйымның жұмысына тыйым салынған. Олардың арасында салафиттік бағыттағы “Ат-Тәқфир Уәл-Хиджра” ұйымы да бар. Салафизмнің – діни ағым, қозғалыстар жүйесі екенін де атап өткен жөн. [cialis cost of buying cialis in thailand](#) [cialis generic price](#) [cialis prices us](#) [buy cialis by check](#) [cialis canada trial](#)
argaiv1962

Біздің елімізде рұқсатсыз дәстүрлі емес діни ағымдарға үгіттейтін уағыз-насихат жұмыстарын жүргізуге, жасырын діни жиындар мен радикалды бағыттағы әдебиеттерді таратуға заңмен тыйым салынған. Кейбір мұсылман мемлекеттерінде салафизм секілді дәстүрлі емес дінге рұқсат берілген. Бірақ отандық дінтанушылар салафизмнің Қазақстан халқының, әсіресе, жастардың сана-сезіміне теріс әсеріне аландаушылық білдіруде.

Бұл теріс ағымды ұстанушылардың қозғалысы, пікірі, біздің ата-бабамыздан мұра болып келе жатқан ұлттық-рухани құндылықтарымызға сай келмейді. Олар ашық айтпаса да, дін жолында жүрмегендерді қатан айыптайды. Бүгінгі биліктің басқару жүйесіне де қонілдері толмайды. Қазіргі таңда ислам әлемінде, соның ішінде бірқатар араб елдерінде салафизм идеялары беделді діни тұлғалар және ойшылдар тарапынан қатан сынға ұшырап отыр. Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі салафизмді біздің еліміз үшін мүлдем жат әрі теріс діни ағым деп есептейді.

Сырттан келген бұл діни ағым күн өткен сайын халық тарапынан қатан сынға ұшырауда. Жалпы, бүгінгі қоғамда радикализмге жетелейтін бұл жат ағымға теріс қозғалыс қалыптасқан. Сонғы кездері біздің елімізде салафизм жақтастарының саны азайғандығы байқалады және олардың Қазақстанда ұйымдасқан құрылымдары жоқ.

Алдағы уақытта да салафизм идеологиясын насихаттайтын ұйымдардың пайда болуына, осындай бағыттағы әдебиеттердің таралуына және интернет-сайттарының жұмыстарына жол берілмейді.

Ресми акпарат.